ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Кульбатырова Самал Берикбаевна**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ӨЗІН-ӨЗІН РЕТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«7М041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7М04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба
«7М04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші___________________________ Орунханов М.К., ф.ғ.д., профессор

Жоба қорғауға жіберілді: «______»______________________________2023ж.

Басқару институтының директоры____________ Гаипов З.С., с.ғ.д.

**Астана, 2023**

**МАЗМҰНЫ**


**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** ........................................ 3
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** ........................................ 4
**КІРІСПЕ** ........................................ 5
**НЕГІЗГІ БӨЛІМ** ........................................ 7
**ҚОРЫТЫНДЫ** ........................................ 39
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ** ........................................ 41
**ҚОСЫМШАЛАР** ........................................ 44

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 заңы;

«Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 390-V заңы;

«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі» 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V;

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсанындағы № 126 заңы;

«100 накты қадам» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы;

«Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V заңы;

«Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусым № 350-VI.

## Белгілеулер мен қысқартулар

| | | |
|---|---|---|
| Құрылыс комитеті | - | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті; |
| ҰКП | - | Ұлттық кәсіпкерлер палатасы; |
| ТМД | - | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы; |
| АСАК | - | Австралия сәулетшілерін аккридеттеу кеңесі; |
| Е-лицензиялау | - | Қазақстан Республикасындағы электрондық лицензиялау порталы; |
| ҚМЖ | - | Құрылыс-монтаждау жұмыстары; |
| ЖЖ | - | жобалау жұмыстары (қызметі); |
| ІЖ | - | Іздестіру жұмыстары (қызметі); |
| ТК | - | Тұрғын кешен; |
| SWOT–талдау | - | бағалау құралдарын ұсынатын стратегиялық жоспарлау әдісі; |
| ӨРҰ | - | Өзін-өзі реттеу ұйымы. |

## Кіріспе

**Зерттеудің өзектілігі:** Құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізу Қазақстан үшін бірінші кезектегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады, себебі: тұрғын үй құрылысының қарқыны жылдан жылға артып келеді, ал халықтың әл-аухатының өсуінің маңызды көрсеткіштерінің бірі тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығы «100 нақты қадам» ұлт жоспарының 97-қадамы шеңберінде құрылыс саласында өзін-өзі реттеу құралдарын енгізу талабымен айқындалады: «азаматтардың өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейту, сондай-ақ мемлекетке тән емес функцияларды бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру» [3].

Соңғы жылдары елімізде құрылыс сапасы көптеген сын-тегеуріндерді тудыруда, сонымен қатар ұзақ мерзімді құрылыс өзектілігі сақталуда, бұл тұрғын үймен байланысты әлеуметтік шиеленісті тудырады, сондай-ақ қаланың келбетінің бұзылуына байланысты халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді.

Ресми деректерге сәйкес, 2022 жылы Республика шеңберінде 15 млн.шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берілген, ал ағымдағы жылы бұл көрсеткішті 3 пайызға өсіру жоспарлануда [32].

Қазақстанда іске қосылатын тұрғын үй шаршы метрінің көптігіне байланысты, бұл проблемалар әлеуметтік аппаттың ауқымды ерекшеліктеріне ие болып табылады.

**Проблема негіздері:** Құрылыс сапасының төмендігінің негізгі себептеріне құрылыс саласында білікті персоналдардың жетіспеушілігі, құрылыс салушылардың теріс әрекеттері, жобалау технологиясындағы ауытқулар, ескірген және жетілмеген жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ реттеуші органдар тарапынан тиісті бақылаудың болмауы жатады.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы рұқсаттарды (лицензия) беру, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктерінің құзіретіне жатады [1].

Алайда, лицензия алғаннан кейін, лицензиат субъектілерінің қызметін бақылау көзделмеген, нәтижесінде кез-келген санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған (бұдан әрі - ҚМЖ) лицензияны сатып алу кеңінен таралды. Бұл проблемалардың негізі – уәкілетті орган тарапынан көрсетілген деректер бойынша тиісті бақылау мен талдаудың болмауынан туындайды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қазақстанда құрылыс барысында ғимараттарғы, қоршаған ортаға немесе құрылыс сапасына байланысты тәуекелдерден зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларға материалдық залалды өтеу заңды түрде қарастырылмаған.

**Зерттеудің мақсаты:** Халықаралық тәжірибені зерделей отырып, құрылыс саласындағы мәселелерді талдау және ұсыныс беру.

**Зерттеудің нысаны:** Құрылыс субъектілері.

**Зерттеудің пәні:** құрылыс саласындағы бақылау мен сапаны реттеу регламенттері мен практикасы.

**Зерттеудің әдістемелік негіздері:** Магистрлік жобаны зерттеу барысында құрылыс сапасын қамтамасыз етудегі реттеу механизмінің қолданыстағы құралын және халықаралық тәжірибелерді зерделеу мен теориялық бөлігіне талдау жүргізілді. Сонымен қатар Астана қаласы мысалында құрылыс сапасына қатысты арыз-шағымдар бойынша 2021-2022 жж. статистикалық мәліметтер, құрылыс саласындағы мемлекеттік бақылау туралы үш жылдық статистикалық мәліметтер, Е-лицензирование, https://www.gov.kz/ , https://stat.gov.kz/ арнайы ақпараттары, халықаралық тәжірибе, SWOT-талдау, ұсынылған балама мен қолданыстағы реттеу құралын салыстыру, Қазақстандағы өзін-өзі реттеу институтына қатысты мекемелерге сауалнама жүргізу, сарапшылармен терең сұхбат зерттеу әдістері колданылды.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы және күтілетін нәтиже:**

Қолданыстағы құрылыс сапасын реттеу құралы мен өзін-өзі реттеуді салыстыру және балама әсерін анықтау. Талдау және зерттеу жұмыстары нәтижесі бойынша ұсыныс беру.

## Әдебиеттерге шолу

Жалпы құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу институтының перспективасы бойынша түсінік қалыптастыру үшін назар аударарлық жарияланымдардың бірнеше тобы анықталды:

1) Дерективалар – іс-шаралардың мақсаттарын түсіндіретін, олардың жалпы сипаттамасын келтіретін, бірақ мақсаттарға жету үшін орындалуы қажет егжей-тегжейлі қадамдарды қамтитын сипаттамалық сипаттағы құжаттар: әдістемелік ұсынымдар.

2) Хаттамалар – іс-шараларды іске асыру кезінде мақсаттарға қол жеткізудің нақты қадамдары мен шарттарын қамтитын, ерікті қолдану мәртебесі бар нұсқамалық сипаттағы құжаттар: басшылықтар; стандарттар; ерекшеліктер.

3) Мандаттар – орталық уәкілетті орган жасаған және міндетті қолдану мәртебесі бар, нақты не іске асырылуы тиіс екенін айқындайтын нұсқамалық сипаттағы құжаттар: іс-шаралар жоспарлары мен жол карталары; мемлекеттік бағдарламалар; бұйрықтар.

Зерттеу барысында Австралия, Чехия, Америка, Европалық Одақ елдері, Ресей және Қазақстанның әртүрлі академиялық, үкіметтік және салалық ұйымдары әзірлеген қоғамдық құжаттар қаралды.

Бүгінгі таңда құрылыс индустриясындағы өзін-өзі реттеу институтының тиімділігі туралы көптеген басылымдар бар, дегенімен ұлттық масштабта бұл бағытқа қатысты зерттеулер жоқ.

Дегенімен қазіргі таңда Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетімен (бұдан әрі - құрылыс комитеті), өзін-өзі реттеу институтын құрылыс саласында заңнамалық тұрғыдан бекіту үшін жасалып жатқан қадамдар, бұл институттың артықшылықтарын айқындайды.

Әрине өзін-өзі реттеудің кейбір аспектілері «Атамекен» ҰКП жұмысында қамтылғанын да атап кеткен жөн.

Қазақстандық зеттеулер:

А.Ж. Қиязова өзінің «Өзін-өзі реттеу институты Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті реттеу түрі ретінде» мақаласында құрылыс субъектілерінің өз қызметін өз бетінше реттеу және дербес бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі туралы айтылған [13]. Сонымен қатар автор келесі зерттеуінде өзін-өзі реттеу институтын еңгізуге бақытталған нормативтік негіздемелердің құқықтық нормалары туралы жариялаған [12].

Т.Т. Мусабаев өз зерттеу жұмыстарында құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу институтының қалыптасу және даму мәселелерін, сонымен қатар Чехия, Австралия, Ресей мемлекеттері тәжірибелері негізінде артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталған [19, 20].

Халықаралық зерттеулер:

Сапаны қамтамасыз етудегі өзін-өзі реттеу перспективалары И. М. Курашева [10], сондай-ақ зерттеудегі өзін-өзі реттеудің кейбір аспектілері

М.А. Волкова [14] зерттеулерінде қарастырылған. Бұл еңбектерде өзін-өзі реттейтін ұйымдардың бақылау функциясын жүзеге асыру мәселелері қозғалады.

Ю.С. Каракова құрылыс саласында қолданылатын құқықтық режимге талдау жасаған.

Я.В. Малик және И.С. Кокорин өз зерттеулерін өзін-өзі реттеу институтының даму кезеңдері, артықшылықтары мен кемшіліктеріне арнаған [21].

В.С. Капущак, М.С. Геворкян, А.Н. Городничая өз жұмыстарында құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу ұйымдарына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру процессін зерттеген.

Н. М. Якушев, С.Э. Пономарев «Результаты внедрения саморегилирования в строительстве» атты мақалаларында Ресей 12 жылдық тәжірибесі негізінде өзін-өзі реттеу институтын құрудағы проблемаларға анализ жасаған.

А.В. Иванов, А.С. Аржаникова өз зерттеулерінде өзін-өзі реттеу институтының Еуропалық Одақ, ТМД елдері, Америка, Австралия және Азия елдерінде қолданылуы талданған [22].

Жоғарыда келтірілген еңбектерде өзін-өзі реттейтін ұйымдарымен бақылау фукциясын жүзеге асыру мәселелері қозғалған. Жүргізілген зерттеулер негізінде жұмыс авторлары нарықты өзін-өзі реттеу және мемлекеттік реттеу кешенді, сатылап (біртіндеп) және паралель болу керек деген қорытындыға келген.

## Халықаралық тәжірибе

Нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ шет елдердің өзін-өзі реттеу институтының қолданыстағы тетіктерін зерделеу, осы тетіктің біздің елде қалай жұмыс істеуі керектігін түсінудің маңызды кезеңі болып табылады. Зерттеудің міндеттерінің бірі ұзақ мерзімді оң тәжірибесі бар және құрылыс саласында өзін-өзі реттеуді еңгізудің тиімді тетіктерін жасаған басқа елдердің жетістіктерін бейімдеу. Дамыған елдердің тәжірибесінде құрылыс қызметін бақылаудың әртүрлі жүйелері қолданылады. Алайда, барлық дамыған елдерде, атап айтсақ: Жапония, Америка, Германия, Австралия және т.с.с. елдерде сапаны бақылау және құрылыс жұмыстары процесін бақылау өзін-өзі реттеу иститутына жүктелген, яғни мемлекеттік мекемеге емес. Бұл ретте дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, өзін-өзі реттеу тетігін құрылыс саласына кезең-кезеңімен (салалар/бағыттар бойынша) енгізу, әрбір кезеңді өзін-өзі реттеуші ұйым қызметінің тиімділігі мен сапасын айқындауға мүмкіндік беретін тиісті талдаумен жүзеге асыру қажет екенін көрсетеді.

Өзін-өзі реттеу шамамен бір жарым ғасыр бұрын дамыған Еуропа елдерінде пайда болды, мұнда зияткерлік еңбек адамдары дәстүрлі түрде жоғары азаматтық белсенділікпен және өз құқықтарын, соның ішінде кәсіби құқықтарын жүзеге асыруға және қорғауға ұмытылумен сипатталды. Әр түрлі елдерде өзін-өзі реттеу институтының рөлі бірдей емес, бірақ барлық жерде ол кәсіпкерлік климатқа оң әсер етеді. Ол орындаушылардың белгілі бір салалық стандарттарды қалыптастыруы мен сақтауын, біліктіліктің жоғары деңгейлерін, сондай-ақ тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету. Сонымен қатар өзін-өзі реттейтін ұйымдар ең өзекті әлемдік тәжірибені ескере отырып, салалық заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда өз мүшелері үшін айтарлықтай маңызды лоббиге айналды.

ТМД мемлекеттерінде өзін-өзі реттеу нарықтық экономикаға көшкен сәттен бастап пайда болды және соңғы екі-үш онжылдықта бұл басқару құралы мемлекеттік басқарудың да, азаматтық қоғамның да қолданыстағы институттарына тиімділігін көрсетті. Ресей Федерациясы посткеңестік мемлекеттер арасында бірінші болып осы қоғамдық институтты ұйымдастыруды және одан әрі дамытуды реттейтін «Өзін-өзі реттейтін ұйымдар туралы» негіздемелік заң қабылдады және оны экономиканың бірқатар салаларында қолдануға енгізді.

*Ресей тәжірибесі:*

Құрылысқа міндетті мүшелігі бар өзін-өзі реттеу институты 2008 жылғы 22 шілдедегі №148 «О внесении изменений в Градостроительный кодекс Российской Федерации и отдельные законодательные акты Российской Федерации» Федералдық заңының қабылдауымен енгізілді.

Сапаны тікелей мемлекеттік реттеуден өзін-өзі реттеу институтына үдемелі көшуді қамтамасыз ету мақсатында заңнамада өтпелі кезең қарастырылған: яғни 2009 жылдың соңына дейін құрылыс саласындағы

қызметті құрылыс секторының барлық кәсіпорындарына бұрын берілген құрылыс лицензияларымен қатар, өзін-өзі реттеу ұйымы куәлігі негізінде жүзеге асыру мүмкіндігі берілген.

2010 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап – ізденістер бойынша жұмыстарды жүзеге асыру, сәулеттік-құрылыс жобалау, құрылыс, қайта құру, күрделі құрылыс объектілерін күрделі жөндеу жұмыстары тек өзін-өзі реттеу ұйымымен берілген рұқсат негізінде ғана мүмкін болған.

Үміткерлер үшін өзін-өзі реттейтін ұйымдар талаптары әр түрлі болуы мүмкін, негізгі талаптар:

- кадрлар мен материалдық базаның сәйкестігі (мамандардың бірыңғай ұлттық тізіміне кіретін кемінде 2 білікті маманның болуы);
- тиісті құжаттар топтамасының болуы (құрылтай құжаттар, жалдау шарттары, бухгалтерлік баланс және т.б.);
- өзін-өзі реттеу ұйыма кіру кезінде азаматтық жауапкершілікті сақтандыру (сақтандыру жарнасы шамамен 10 000 рубльді құрайды);
- міндетті жарналарды төлеу (мүшелік жарна және кіру жарнасы, талаптары құрылтай құжатында белгіленеді);
- өзін-өзі реттеу ұйымының өтемақы қорына жарна (өзін-өзі реттеу ұйымының кез-келген мүшесі келтірген залаларды жабу үшін) жарна мөлшері Ресей Федерациясы заңнамасымен бекітілген.

Кесте 1 – Құрылысшылар, жобалаушылар мен ізденісшілер үшін өзін-өзі реттеу ұйымына кіру құны

| **Құрылысшылар** | | |
|---|---|---|
| Жауапкершілік деңгейі (максималды шарт сомасы, рубль) | Өтемақы қорларына жарналар | |
| | зала/зиянды өтеу, рубль | шарттық міндеттемелер рубль |
| **60 млн дейін** | 100 000 | 200 000 |
| **500 млн дейін** | 500 000 | 2 500 000 |
| **3 млрд дейін** | 1 500 000 | 4 500 000 |
| **10 млрд дейін** | 2 000 000 | 7 000 000 |
| **10 млрд астам** | 5 000 000 | 25 000 000 |
| **Жобалаушылар мен ізденісшілер** | | |
| Жауапкершілік деңгейі (максималды шарт сомасы, рубль) | Өтемақы қорларына жарналар | |
| | зала/зиянды өтеу, рубль | шарттық міндеттемелер рубль |
| **25 млн дейін** | 50 000 | 150 000 |
| **50 млн дейін** | 150 000 | 350 000 |
| **300 млн дейін** | 500 000 | 2 500 000 |
| **300 млн астам** | 1 000 000 | 3 500 000 |
| Ескертпе – [21],[23] дереккөз бойынша автормен құралған. | | |

Мемлекеттік лицензиялаудың орнына өзін-өзі реттеу институты енгізілген сәттен бастап, ең алдымен құрылыс саласында іс-жүзінде қызмет атқармаған субъектілердің нарықтан кетуі салдарында, инженерлік ізденістер,

сәулет-құрылыс жобалау саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілері саны қысқарған. Ескере кететін жайт, ғылыми жазба ақпараттарына сәйкес Ресейдегі құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу жүйесін қалыптастыру процесі қаржылық дағдарыс кезеңінде болған, сол себепті көптеген кәсіпорындар үшін қиын қаржылық және әкімшілік мәселелермен үлкен жүктеме түскен.

*Украина тәжірибесі*

Украинда негізінен интеллектуалды қызметпен байланысты бірқатар салаларүшін міндетті өзін-өзі реттеу қабылданған, олар:

- төрелік басқарушылар;
- аудиторлар мен бағалаушылар;
- патенттік адвокаттар;
- кадастрлық инженерлер;
- сәулет-құрылысты жобалау;
- құрылыс;
- энергоаудит.

Украинадағы өзін-өзі реттеу институты бастапқы сатысында деген пікір бар, дегенімен, жоғарыда көрсетілген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың едәуір маңызды тізімі бұл елде жоғары интелектуалды қазмет түрлерін басқарудың бұл әдісі өте үмітті перспективаларға ие екенін көрсетеді.

*Беларусь*

Қазіргі уақытта Беларусь Республикасында өзін-өзі реттеу процесі бастапқы кезеңде. Дегенімен, кейбір нәтижелер, ең алдымен – адвокатура мен бұқаралық ақпарат құралдарында бар. Бағалы қағаздар нарығы өзін-өзі реттеу тетігін енгізуге дайындалып жатқан келесі сала. Өзін-өзі реттеу басқа салаларда да жүзеге асырылып жатыр, мысалы: бөлшек сауда және құрылыс кешенінің жаңа жүйесі құрылған құрылыста.

*Америка тәжірибесі*

АҚШ-тағы өзін-өзі реттеу экономикалық, кәсіпкерлік және кәсіби қызметтің келесі салаларында белсенді қолданылады: бағалы қағаздар нарығы, адвокаттық қызмет, сәулет қызметі, бағалау қызметі, жарнама қызметі, баспасөз, туристік қызмет, медицина және ветеринарлық қызмет.

Канада. Бұл өзін-өзі реттеу институтының өте ұзақ дәстүрлері бар және оны қолданатын салалардың тізімі өте кең елдердің бірі: бұл экономиканың көптеген салалары, медицина және бұқаралық ақпарат құралдары. Бұл елдегі орта және шағын бизнестің барлығы дерлік өзін-өзі реттейтін ұйымдармен реттеледі. Канадағы өзін-өзі реттеу ежелгі қолөнер қауымдастықтарынан шыққан және әдетте бұйрықтар ретінде қалыптасқан. Мамандар атап өткендей, «Канаданың өзін-өзі реттеу ұйымына мүшелік ерікті де, міндетті де болуы мүмкін – мысалы, инженерлік мамандықтарда. Әдетте, Канададағы өзін-өзі реттеу жүйесі айқын аумақтық сипатқа ие. Мамандар бір өңірден екінші өңірге көшкен жағдайда жергілікті орденге қайта кіру рәсімінен өту қажет» [26].

Бразилия. Мұнда өте парадоксалды жағдай қалыптасуда: осы Оңтүстік Америка еліндегі өзін-өзі реттеу институты өте кең ұсынылғанына қарамастан, оның дамуы туралы ақпарат деректері жоқ.

Дегенімен, өздерінің өзін-өзі реттеу ұйымдарын құру кезінде бразиялықтар шетелдік тәжірибеге, соның ішінде британдықтарға сүйенеді. Ең танымал ұйымдар – «Бразилия адвокаттарының ордені», «Бразилия ақпараттық құралдарының ұлттық кеңесі», «Жарнама саласындағы өзін-өзі реттеудің ұлттық кеңесі» және «Бразилия жарнама индустриясының стандарттау жөніндегі атқарушы кеңесі». Соңғы аталған екі ұйымның қызметі арқасында қазіргі уақытта Бразилияда жарнама саласын реттеудің тиімді тетіктері құрылды [25].

*Еуропа тәжірибесі*

Словакия. Көптеген экономикалық құрылымдардан өткен бұл шағын елде, өзін-өзі реттеу ежелден келе жатқан дәстүрге ие. Қазіргі уақытта өзін-өзі реттеу институтын Словакиядағы экономикалық қызметтің келесі салаларында қолданады:

- медицина;
- адвокатура және нотариус;
- аудит;
- ауыл шаруашылығы;
- құрылыс саласы және т.б.

Сарапшылар бұл елдегі өзін-өзі реттеудің дамуын бағалау кезінде жағымсыз тенденцияның байқалатынын атап өтті. Олардың пікірінше, өзін-өзі реттеу ұйымдары өздерінің кәсіби қызметін ұйымдастыруда бюрократияны төмендету орнына, керісінше, қосымша кедергілер тудырады.

Польша. Польшада өзін-өзі реттейтін ұйымдардың міндетті қатысуы кәсіпкерлік және кәсіби қызметтің келесі салаларында бар:

- дәрігерлер;
- сәулетшілер;
- фармацевтер;
- нотариус және адвокатура және т.б.

Польшаның өзін-өзі реттейтін ұйымдары айқын аймақтық сипатқа ие. Аймақтық палаталар ұжымдық мүшелер ретінде жалпыұлттық өзін-өзі реттейтін ұйымдардың құрамына кіреді. Мұндай ұйымдардың көпшілігі міндетті мүшелікке ие. Палаталар барлық мамандардың тізілімін жүргізеді, тіпті егер оларға мүшелік міндетті емес болса да. Сонымен қатар мамандар біліктілігін арттыру маңызды рөл атқарады. Іс жүзінде барлық өзін-өзі реттеу ұйымдары өздерінің этикалық кодекстері мен нормаларын жасайды және бекітеді, оларды қоғамның барлық мүшелері өздерінің кәсіби қызметінде басшылыққа алуға міндетті. Көбінесе бұл нормалар қолданыстағы жалпыеуропалық және халықаралық стандарттармен қатар іске асырылады [27].

*Австралия тәжірибесі*

2017-2018 жылдары Австралияның сәулет секторынан түскен табыс шамамен 5,8 млрд долларды құраған. IBIS World бизнес-талдаушылары болжамдары бойынша 2022-2023 жылдарға дейінгі кезеңде орташа жылдық өсу 0,5 пайызға тең. Австралиялық сәулет секторында шамамен 40 000

қызметкері бар 13 000 кәсіпорын бар, бірақ фирмалардың тек 1,6 пайызы 20-дан астам адамды жұмыспен қамти алады.

Австралия сәулетшілерін аккредиттеу кеңесі (бұдан әрі-АСАК) коммерциялық емес ұлттық ұйым, ол 1970-ші жылдарғы сәулет саласындағы дмпломдарды растау және тіркеу құқығын беру мақсатында құрылған.

АСАК ұлттық ұйым ретінде Австралияда сәулетшілерді тіркеудің ұлттық стандарттарын белгілеуге, үйлестіруге және қорғауға, сонымен қатар австралиялық сәулетшілерді шетелде тиісті тіркеу органдары мойындауға жауапты. Австралияда сәулетші болып жұмыс істеу құқығын алу үшін АСАК шекті стандарттарды саутаудың бақылаушы органы ретінде әрекет етеді.

«Сәулетші» атағын алу үшін және Федерацияның белгілі бір суъектісінің аумағында сәулет қызметтерін көрсету үшін - сәулет қызметін жүзеге асыру құқығын алу қажет. Бұл құзірет Австралия сәулетшілерін аккредиттеу Кеңесіне берілген.

Сәулетшіні тіркеудің үш негізгі талабы бар:

1. аккредиттелген сәулет мектебінің кәсіби дәрежесі;
2. кем дегенде екі жылдық практикалық тәжірибе;
3. сәулет практикасы емтиханын аяқтау. Сәулет практикасы емтиханының мақсаты кез-келген штатта немесе Австралия аумағында сәулетшілер тізіміне кіруге өтініш білдірген адамдардың Австралиядағы сәулет тәжірибесі туралы жеткілікті білімі мен түсінігіне ие болуын және өздерінің кәсіби дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беруін қамтамасыз ету [28].

Кесте 2 – АСАК-ға біліктілікті растауды тіркеу

| № | **Қызмет түрі** | **Қызмет құны, доллар** |
|---|---|---|
| 1 | Сәулет саласындағы шетелдік біліктілік дағдыларын алдын ал бағалау | $1,050 |
| 2 | Сәулет саласындағы шетелдік біліктілік дағдыларын қорытынд бағалау | $1,200 |
| 3 | Австралиялық аккредиттелген сәулет біліктілігін бағалау | $250 |
| 4 | Бағалау нәтижелерін апелляцияға беру | $900 |
| Ескертпе – [28] дереккөзі бойынша автормен құралған | | |

Сәулетші үшін Австралиялық оқу орындарының бірінде АСАК аккредиттелген білім бағдарламасы бойынша жоғары кәсіптік білім алу австралиялық сәулет қызметтері нарығына рұқсат алудың алғышарттарының бірі.

АСАК сәулетшілерінің ұлттық құзіреттілік стандарты сәулетші біліктілігінің деңгейін белгілейді. Біліктілік деңгейі туралы АСАК қортындысын алғаннан кейін, «сәулетші» атағына үміткер кәсіби сәулет емтиханына жіберіледі. Емтихан барысында үміткердің теориялық білімі мен қатар оның қала құрылысын жоспарлау мен жобалау міндеттерін орындаудағы дағдылары тексеріледі [28].

Кәсіби емтиханды сәтті тапсырғаннан кейін, өтініш беруші сәулетші сәулет қызметін жүзеге асыруды жоспарлап отырған Австралия Одағының Штаттары мен аумақтарындағы бір немесе бірнеше архитектуралық тіркеу алқаларына тіркелу туралы өтініш беру керек. Тіркеу сәулетші туралы мәліметтерді мемлекеттік тізімге енгізу арқылы жүргізіледі [28].

Жоғарыда қарастырылған елдердегі өзін-өзі реттеу институтының даму тәжірибесін талдау нәтижесі, Еуропа мен Америка елдерінде бұл реттеу құралының экономика мен кәсіпкерлік салаларының алуан түріне енгізілгенін байқауға болады. Мұнда өзін-өзі реттеу институты уақыт сынынан өткен және қазіргі уақытта қоғамдық өмір мен экономиканың ажырамас бөлігі. Ал Австралия мен Азия елдеріндегі өзін-өзі реттеу көбнесе ұлттық менталитеттің ерекшеліктеріне негізделген және ерікті де міндетті де болуы мүмкін. Көбінесе бұл реттеу құралы мұнда бағалы қағаздар нарығы, жарнама және маркетинг секілді салаларда ұсынылған. Ескеретін жайт Еуропа, Азия және Америкада өзін-өзі реттейтін ұйымдар коммерциялық және коммерциялық емес форматта құрылса, ТМД елдерінде олар тек коммерциялық емес серіктестіктер болып құрылады.

Қалай болғанда да, дамыған елдерде жоғары зияткерлік қызмет пен байланысты салалар өзін-өзі реттеуге көшкен. Экономиканы цифрландыру, аналитикалық және сараптамалық бейіндегі мамандарға сұраныстың өсуі жағдайында, өзін-өзі реттеу институтының оң перспективасын болжауға болады.

Қазақстанға орала отырып, өзін-өзі реттеу туралы негізгі заңның қабылдануы кәсіпкерлік және кәсіптік қызметте, әсіресе міндетті мүшелікпен өзін-өзі реттейтін ұйымдарға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуге ұмтылумен шартталғанын атап өткен жөн. Өзін-өзі реттеу туралы заңды қабылдаудың мақсаты Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау, мемлекет пен бизнестің әріптестік қарым-қатынастарын орнату, «анықтау және жазалау» саясатынан «сенім және адал кәсіпкерлікті қорғау» саясатына көшу болды.

## Құрылыс сапасына қатысты ағымдағы жағдай Астана қаласы мысалында

Жасалынған зерттеу жұмыстарының толықтығын қамтамасыз ету мақсатында, диссертациялық жұмыс аясында соңғы 2 есепті жыл кезеңіндегі тұрғын үй, автокөлік жолдары, инженерлік желілер құрылысы сапасына қатысты түскен арыз-шағымдар саны және мазмұны бойынша, **«iKOMEK109»** - Астана қаласы әкімдігінің қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығына сауал жасалынды, ақпарат 3-ші кестеде келтірілген *(шығыс нөмері 2023 ж. 16 қаңтардағы №03-13/24 қосымшаға сәйкес).*

Кесте 3 – Тұрғын үй, инженерлік желілер және автомобиль жолдарының құрылыс сапасы бойынша ақпарат, Астана қаласы 2021-2022 жж.

| № | Сұрақтардың сипаты | 2022 ж. | 2021ж. |
|---|---|---|---|
| **Тұрғын үй құрылысының сапасы** | | | |
| 1 | Құрылыс ақаулары бойынша құрылыс салушыларға шағым | **1290** | **1654** |
| 2 | Сыртқы әлеуді қалпына келтіру | **1057** | **1385** |
| **Инженерлік желілер құрылысының сапасы** | | | |
| 3 | **Сумен жабдықтау** | **39827** | **44045** |
| | Ыстық/суық судың болмауы | 21219 | 22966 |
| | Судың ағуы, судың төмен қысымы, су бөлгіштердің жұмысы б-ша | 18608 | 21079 |
| 4 | **Электрмен жабдықтау** | **24424** | **14937** |
| | Жарықтың болмауы | 21219 | 22966 |
| | Кабельдің ұшқыны, трансформатор жәшіктерінің дұрыс емес жағдайы | 5068 | 4597 |
| 5 | **Кәріз** | **22401** | **22286** |
| | Қожалық. - тұрмыстық кәріз (сыртқы ұңғымалардың бітелуі, ағып кетуі) | 21322 | 21131 |
| | Нөсер кәрізі (ЛК бітелуі, арықтарды тазарту, ағып кету) | 1079 | 1155 |
| 6 | **Жылумен қамтамасыз ету** | **7858** | **9378** |
| | Жылудың жоқтығы | 3704 | 4017 |
| | Жылу трассаларының жоғарғы немесе төмен параметрлері бойынша | 4154 | 5361 |
| 7 | **Газбен қамтамасыз ету** | **4889** | **4972** |
| | Газдың жоқтығы | 2850 | 2950 |
| | Газдың ағуы | 786 | 1080 |
| 8 | **Жол инфрақұрылымы** | **36894** | **29085** |
| | Жол жамылғысының зақымдануы | 12199 | 11210 |
| Ескертпе – [36] дереккөз негізінде автормен жасалды | | | |

Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы ақпаратына сәйкес **2022** жылы құрылыс сапасына қатысты барлығы *106 087* арыз түскен, оның 1347-сі тұрғын үй, **91541-і** инженерлік желілер және 12199-і автокөлік жолдарына қатысты, ал **2021** жылы барлығы *100 489* арыз түскен, оның 3039-і тұрғын үй, **86240-ы** инженерлік желілер және 11210-ы автокөлік жолдарына қатысты.

Әрине, бүгінгі таңда Қазақстанда құрылыс саласына 90 мыңға жуық заңды тұлға жұмдырылған, олардың қызметі мен жұмыс сапасына толық мемлекеттік бақылау орнату іс жүзінде мүмкін емес. Осының нәтижесінде құрылыс саласында тұрғын үй сапасына, жол құрылысына және басқа да инфрақұрылымға қатысты мәселелер туындайды.

## Құрылыс саласындағы мемлекеттік бақылау

Соңғы жылдары елімізде заңсыз яғни рұқсатсыз құрылыс фактісі жиелеп кетті. Бұл мемлекет және ел тұрғындарының ортақ мәселесі. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне өз компетенция шегінде жергілікті атқарушы органның сәулет, қала құрылысы және құрылыс

қызметі саласындағы жұмыстарын бақылау бекітілген. Құрылыс комитеті мәліметтеріне сәйкес: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында 2019-2021 жылдар аралығында барлығы – 356 (2019 ж. – 215, 2020 ж. – 91, 2021 ж. - 50) субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Статистикадан пандемия кезеңінде құрылыс саласының субъектілерін бақылау мен қадағалау бойынша еңгізілген шектеулерге (мораторийге) байланысты құқық бұзушылық санының азаюы байқалады.

Дегенімен, қазіргі уақытта Е-лицензиялау порталында (www.elicense.kz /10.04.2023) барлығы 89 719-дан астам лицензия орналасқан, оның ішінде: ҚМЖ-на – 47513 лицензия берілген (ақпарат 1-ші суретте келтірілген), бұл ретте құрылыс бойынша аттестациядан өткен инженерлік-техникалық қызметкердің саны – 93798 адамды құрайды, бұл өз кезегінде құрылыс нарығы субъектілерінің білікті персоналмен толыққанды толықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді [33]. Сонымен қатар, біліктілігі жоқ құрылыс компанияларының нарыққа шығуына әкеледі және құрылыс сапасын төмендетеді. Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау тетігі құрылыс компаниялар санының жыл сайынғы өсуінің ағымдағы үрдісіне тиімді әсер етуге мүмкіндік бермейді.




1- сурет – Құрылыс саласындағы лицензиаттар үлесі бойынша ақпарат

Ескертпе – [33] дереккөз негізінде автормен жасалды.

Е-лицензиялау порталында құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша – 47513, жобалау қызметі бойынша – 14085, іздестіру қызметі бойынша – 4034 лицензия тіркелген (24087 лицензия жарамсыз ретінде тіркелген), оның ішінде ҚМЖ лицензиаттар саны: І санат бойынша – 2723; ІІ санат бойынша – 11339; ІІІ санат бойынша – 33451, бұл мәліметтің пайыздық көрсеткіші 2-ші суретте бейнеленген.




2-сурет – Құрылыс-монтаждау жұмыстары лицензиаттарының санат бойынша үлесі

Ескертпе - [33] дереккөз негізінде автормен жасалды.

Құрылыс барасындағы құрылыс сапасын қадағалау мен бақылаудың жеткіліксіздігі – мемлекеттік бюджеттің айтарлықтай қаржылық шығындарына, азаматтардың наразылығына және тіпті ауыр зардаптарға әкеліп соқтырады.

2012 жылы орын алған Қарағандыдағы «Бесоба» ТК бес қабатты үйдің құлауы ең резонансты жағдайлардың бірі болды. «Бесоба» ТК барлық блоктары авариялық болып танылып, тұрғын кешенді толығымен бұзып, орнына жаңа кешен салу шешімі қабылданды. Жаңа тұрғын кешен үшін үкімет резервінен 1,5 млрд.теңге бөлінген. Осы тұрғын кешені апаттық жағдайын және құлау себебін зерттеу нәтижесінде жалпы бұл жобаның барлық үйлері құрылыс нормаларына сәйкес келмейтіні анықталған.

Сонымен қатар, 2017 жылы Астана қаласы, Алаш тас жолында орналасқан үш қабатты әкімшілік ғимараттың құрылыс барысында құлауы/қирауы орын алды (салдарында Өзбекістантың 2 азаматы көз жұмып, 1 азамат екі аяғынан айрылды). Апаттық жағдай бойынша тексеріс және тергеу жұмыстары нәтижесінде:

- жобалық құжаттарындың құрылыс нормаларынан ауытқуы;
- техникалық және авторлық қадағалаудың болмауы;
- бас мәдігер тек құжат бойынша формальды тіркеліп, шын жағдайда құрылыс объектісінде құрылыс саласында біліктілігі жоқ Өзбекістан азаматтары жұмыс атқарғаны, сонымен қатар ешқандай техникалық қауіпсіздік ережелері сақталмағаны анықталды.

Бұдан басқа құрылыс саласындағы тағы бір маңызды мәселе – жосықсыз құрылыс салушылар (недобросовестные) үлескерлерден ақша тартады және жылжымайтын мүлікті рұқсатсыз сатады.

Астана қаласы әкімдігі ақпаратына сәйкес 2019 жылы Астана қаласы бойынша 52 проблемалық объект тіркелген. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында бөлінген қаражаттар есебінен 2020 жылы проблемалық объектілер саны – 42-ге, ал 2021 жылы 32-ге азайды. Ескеретін жайт, қалған 32 проблемалық объектілердің – 117 үйі (объекті жағдайына байланысты) «ерекше проблемалық үйлер» болып танылған. Ресми мәліметтерге сәйкес 33 объект бойынша толығымен құрылысты аяқтау үшін 76,4 млрд.теңге қажет. Аталған қаражат бөлінуі 2023 жылдың соңына дейін Астана қаласындағы барлық проблемалық объектілердің аяқталуына ықпал етеді [35].

Бүгінгі таңда Астана қаласы жергілікті атқарушы органымен үлескерлердің ақшасын заңсыз тарту бойынша «жосықсыз» құрылыс компаниялары туралы ақпарат қала әкімдігі сайтында жарияланады. Алайда, жоғарыда кетірілген проблеманың қайталанбауына ешкім және ешнәрсе кепілдік бола алмайды.

### Аталған проблемаларды шешуге ұсынылатын балама

Бүгін Қазақстанда өзін-өзі реттеу институты өндірістің түрлі салаларында сапаны қамтамасыз етуге ең пәрменді құрал ретінде қарастырылады. Кәсіпкерлік қызметте өзін-өзі реттеуді енгізу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы «Өзін-өзі реттеу туралы» заңына және басқа да бірқатар заңдарға негізделген.

«Өзін-өзі реттеу туралы» ҚР заңының қабылдануына Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» жарлығының 3-тармағы негіз болды *(2014 ж. 27 ақпандағы №757 бұйрығы).*

Өзін-өзі реттеудің мәні заңды тұлғалар қызметін реттеу, сапаны қамтамасыз ету және осы шаралардың орындалуын бақылау жөніндегі дербес шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

Құрылыс саласына өзін-өзі реттеуді енгізу құрылыс процесінің басында елеулі кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде инвесторлар өнімнің сапасына әсер ететін кемшіліктердің салдарымен ерте кезеңдерде күресуге мүмкіндік алады (мамандардың біліктілігі, жұмыс жобасыз өзгерту/түзету, құрылыс материалдары мен жабдықтарын ауыстыру және т.с.с).

Американың, Жапонияның және Германияның тәжірибесінде өзін-өзі реттеу мемлекеттік реттеудің – жаңа сапалы аналогы болып табылады. Бүгінгі таңда бұл елдерде өзін-өзі реттеу және мемлекеттік реттеу бір-бірін толықтыра отырып, қатар жүзеге асырылады. Өзін-өзі реттеу ұйымдары нарықтық қызмет субъектілерінің іс-әрекеттерін, соның ішінде нарық қатысушылары арасында туындайтын жанжалды реттеуге, сонымен қатар ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылу талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. Алайда, бұл процесс нарық қатысушыларымен қатар мемлекеттің мұқият қадағалауымен жүргізіліп отыр.

Әрине, мұндай өзгерістер біздің мемлекетіміз үшін көлемді ресурстарды қажет етеді және мемлекеттік билік тарапынан да, құрылыс саласындағы

қызметті жүзеге асыратын субъектілер тарапынан да түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Сондай-ақ, бұл реттеу құралы – құрылыс салушылары үшін мүшелік жарналардың жыл сайынғы енгізілуіне, инженерлік-техникалық қызметтердің біліктілігін және жобаның материалды-техникалық жарықтандырылуына (техника, құралдар мен жабдықтар) байланысты жобаның қымбаттауына әкеледі деген тәуекел бар.

Алайда, қазіргі экономикалық құлдырау жағдайында біздің мемлекетіміздің алдында тұрған маңызды міндет экономиканың жетекші салаларының сапасын арттыру болып табылады. Жалпы құрылыс секторы жыл сайын жалпы ішкі өнімнің 6 пайызын құрайды. Өз кезегінде, бұл ірі саланың сапалық кепілі болып:

- сапалы ресурстарды қолдану (құрылыс материалдары және процестер технологиясы);
- жоғары білікті мамандарды тарту;
- құрылыс процестерін бақылау табылады.

Осы міндеттерді іске асыру құрылыс саласын тұрақты және серпінді дамытуды қамтамасыз етеді, бұл халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттырады. Сонымен қатар, бұл механизмнің негізгі мақсаты құрылыс процестеріндегі тиісті нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету екенін атап өткен жөн.

Құрылыста бақылаудың басты мақсаты – жоспарлы көрсеткіштерге сәйкескелетін инвестициялық идеяны жүзеге асыру, сәйкессіздіктерді, кемшіліктерді болдырмау, материалдарды ауыстыру немесе арзандату, жобалық шешімдерді негізсіз жеңілдету, сондай-ақ салынған объектінің пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осыдан бақылаудың негізгі мақсаты туындайды, ол: жобалау жұмыстарынан бастап объектіні пайдалануға қабылдауға дейін, өндірістің барлық кезеңдерінде бақылау шаралары жүйесін енгізу. Сапаны бақылау процесінде өзін-өзі реттейтін ұйымның негізгі міндеті – ауытқу себептерінің алдын-алу және жою, себебі: құрылыс-монтаждау процесінің алғашқы кезеңдерінде анықталған кемшіліктерді минималды шығындармен түзету өте оңай. Керісінше, құрылыс аяталғаннан кейін анықталған кателіктерді түзету әлдеқайда қиын немесе тіпті мүмкін емес.

Бүгін Қазақстанда құрылыс саласындағы сапаны қамтамасыз етудегі басты проблема – мемлекеттің құрылыс саласына қатысушыларымен тиімді өзара іс-қимылдың болмауы, сондай-ақ бақылаушы органдардың қадағалау мен бақылаудың заманауи технологияларымен жасақталмауында.

Экономиканы дамытудың қазіргі кезеңінде өзін-өзі реттеу тауар өндірушілері мен олардың тұтынушылары арасындағы қатынастардың ең жетілдірген моделі ретінде сипатталады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның бірегейлігі, ең алдымен, оның мемлекеттік функцияларды қабылдауында, өйткені мемлекет құрылыс субъектісіне рұқсат бере отырып, олардың кейінгі қызметіне үнемі бақылауды жүзеге асыра алмайды.

Заманауи өзін-өзі реттейтін ұйымның негізгі қағидасы – оған кіретін әрбір құрылыс компаниясы үшін материалдық жауапкершілік. Сондықтан, өзін-өзі реттейтін ұйымдағы жосықсыз компаниялардың саны ең төменгі көрсеткішке дейін азаяды.

Өзін-өзі реттейтін ұйым бақылау тексерулерін жүзеге асыруға және қатысушыларын тәртіптік жазаға тартуға құқылы. Өзін-өзі реттейтін мәртебесі бар коммерциялық емес ұйымға қойылатын талаптардың бірі – өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің стандарттар мен ережелер талаптарын сақтауын бақылау үшін құзіреті бар мамандырылған орган болуы. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің міндеттеріне құрылыс барысы туралы есеп беру кіреді, бұл алгоритм тек тексерулер жүргізу үшін ғана емес, сонымен қатар мүдделі тараптардың мүдделерін қорғау үшін де қажет.

Жалпы құрылыс сапасы мәселесі өзекті мәселелердің бірі, өйткені бұл ғимараттардың қаншалықты қауіпсіз және сенімді болатын және олардың адамдар үшін бейімделуін, яғни функциональдык/конструктивтік қабілетін анықтайтын процес. Сондықтан біз сапаны бақылау үшін қолданылатын құралдар тиімділігі туралы жиі ойланамыз.

Құрылыс саласында бақылауды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік орган бұл механизмді тиімді жүзеге асыра алмайды. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тек жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жалпы бақылау жүргізеді. Алайда, құрылыс объектілеріне кедергісіз бақылау және қадағалау жүргізуге, объектіге кіруге, процесті визуальды қарауға өкілеттігі жоқ, ал құрылыс-монтаждау жұмыстарының әр процесі және кезеңі нормативтік құжаттар мен бекітілген жобаға сәйкестігін қадағалауды қажет етеді. Осыған байланысты төменде аталған елдердің мысалында бұл проблемаларды шешу өзін-өзі реттейтін ұйымдарға жүктелген, себебі: олар жүзеге асыратын бақылау құрылыс қызметінде толық қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## Зерттеу әдістері

Құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу институты перспективасын зерделеу барысында, келесі әдістер қолданылды:

- халықаралық тәжірибе;
- SWOT – талдау және тәуелсіз эксперттер пікірі;
- қолданыстағы реттеу құралын ұсынылған баламамен салыстыру анализі;
- сарапшымен терең сұхбат.

## Өзін-өзі реттеу институтының жұмысын нормативті қамтамасыз ету

Қазақстанда кәсіптік қызметтің кейбір түрлеріне қатысты өзін-өзі реттеу туралы ережелерді жасау 2006 жылы басталды.

Экономикалық қатынастарды дамыту жағдайында кәсіпкерлік және кәсіби қызметтің кейбір салаларында өзін-өзі реттеу тетіктерін қолдану маңызы

жоғары деп қарастыруға болады. Осы орайда елімізде өзін-өзі реттеуді институттандыру тиісті заңнамалық актілердегі нормативтік бекітуді қажет етеді. Өзін-өзі реттеу құбылысы ұлттық құқықтық жүйелерде салыстырмалы түрде жаңалық болып табылады және оны заңнамалық реттеу мәселелері назар аударуға тұрарлық. Өзін-өзі реттеу бағытындағы негізгі ережелер ҚР «Өзін-өзі реттеу туралы» заңында, сонымен қатар барлық ұйымдар үшін жалпыға бірдей қабылданған нормаларды қамтитын заңдарда көзделеді. Әрине еліміздегі құқықтық реттеу қызмет түрлерінің ерекшелігіне байланысты өзін-өзі реттеу саласында жалпы және арнайы регламенттеу жүйесін көздейтіні анық.

Өзін-өзі реттеу саласындағы құқықтықтық нормалардың ең мұқият мазмұны «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР заңымен қарастырылған, онда бағалы қағаздар нарығындағы өзін-өзі реттеу ұйымдарының мақсаттарына, міндеттеріне, құқықтық жағдайына, функцияларына, ішкі құжаттарына, тәртібіне қатысты т.с.с ережелер бар.

Жалпы ҚР «Өзін-өзі реттеу» туралы заңды қабылдауға еліміздегі кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы Президенттің жарлығы негіз болды. Екінші стратегиялық құжат ҚР Үкіметінің 2020 жылға дейінгі кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу тұжырымдамасы бар өзін-өзі реттеу туралы барлық заңды әзірлеу қажеттілігін анықтайтын қаулымен бекітілді, оның міндеттерінің бірі бизнестің өзін-өзі реттеуді дамыту үшін жағдай жасау болды. Бұл тұжырымдама бизнесті дамытудың үш негізгі кезеңін қамтыды, олардың біріншісі – дайындық, өзін-өзі реттеу жүйелерін әзірлеу мен енгізуді көздейді.

Шетелде, Ресей Федерациясынан өзге мемлекеттерде өзін-өзі реттеу негіздері бар жекелеген жалпы заңдар жоқ екенін, ал өзін-өзі реттейтін ұйымдар салалық заңнамалық актілер мен қолданыстағы заңнама негізінде әрекет ететінін атап өткен жөн.

Қазақстанда өзін-өзі реттеу туралы негізгі заңның қабылдануы өзін-өзі реттеу талаптарына жалпы көзқарасты қалыптастыруға негізделген. Мақсаты – елімізде кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау, мемлекет пен бизнестің әріптестік қарым-қатынастарын орнату. Негізгі заң төрт тараудан және отыз екі баптар тұрады. Бірінші тарау тұжырымдамалық аппаратты, өзін-өзі реттеу түрлерін, сондай-ақ оның мақсаттары мен принциптерін анықтайтын нармаларды қамтиды. Екінші тарау мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлік палатасының өкілеттіктерін сипаттайды. Үшінші тарау өзін-өзі реттеу ұйымының тізілімін, құрылтай құжаттары мен басқару органдарын және олардың құқықтарын, өзін-өзі реттеу ұйымдарының құқықтары мен міндеттерін, ережелер мен стандарттарға сәйкес қойылатын талаптарды құру нормаларын қамтиды, сондай-ақ мүшелік, мүдделер қақтығысы, бақылау, оның ішінде жауапкершілік және өзін-өзі реттеу ұйымының мүлкін қалыптастыру көздері бойынша мәліметтермен қамтылған. Ал соңғы тарауда қорытынды ережелермен байланысты заңнама талаптары бұзылған жағдайдағы жауапкершілік туралы айтылады [12].

ҚР Өзін-өзі реттеу туралы заңнаманы қабылдау, осы саладағы жалпы және арнайы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болды. Мысалы, ҚР Кәсіпкерлік кодексіне өзін-өзі реттеу кәсіпкерлер мен мемлекет арасындағы қырым-қатынас тетігі, ал міндетті мүшелікке ие өзін-өзі реттеу ұйымы ретегіш құралы ретінде ережелермен толықтырылған. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне орталық немесе жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестік ортаға, оныі ішінде міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу жолымен функцияларды беру тәртібі енгізілген. Сонымен қатар ҚР Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңына өзін-өзі реттейтін ұйымының жұмысының басталуы және тоқтатылуы туралы хабарлама ретінде реестрге қосымша енгізілген.

Жоғарыда келтірілген аргументтер негізінде келесі тұжырымды жасауға болады. Қазақстанда өзін-өзі реттеуді бастапқы нормативті қамтамасыз ету, кейіннен күші жойылған бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби ұйымдардың, Республикалық жеке Палатаның қызметінде көзделген сот орындаушыларының, сарапшылар палаталарының құрылыс объектілерін жобалау саласындағы ұйымдарды, аудиторлық ұйымдарды болды. 2015 жылы жеке заңнамалық актінің қабылдануы өзін-өзі реттеудің барлық түрлері саласындағы жалпы құқықтық нормаларының біріздендіруіне әкелді. Өзін-өзі реттеу туралы заң ережелерінің негізгі бөлігі өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметін ұйымдастыру, тізілімді қалыптастыру, ережелер мен стандарттарды әзірлеу, мемлекеттік бақылау жүргізу, сондай-ақ мүліктік жауапкершілік көздерін қалыптастыру мәселелерін реттейтін нормалардын тұрады.

Ослайша, өзін-өзі реттеу институтын нормативтік қамтамасыз ету өзін-өзі реттеу туралы заңға және жалпы құқықтық нормалардың болуына байланысты жеті бөлек заң актілеріне енгізілген. Қосымша арнайы реттеу өзін-өзі реттейтін ұйымдар үшін салалық заңдарда көзделген.

## Құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу институтының перспективасы

Қазіргі уақытта Қазақстанда өзін-өзі реттеу институты перспективасы мен артықшылықтарын ескере отырып, құрылыс комитетімен заңнамалық тұрғыдан бұл құралды құрылыс саласындағы кәсіпкерлік қызметке енгізу бойынша бірталай іс-шаралар жүргізді. Алайда, аталған жоба бүгінгі күнге дейін мақұлданбады. Себептерінің біріне тоқтала кетер болсақ, құрылыс компаниялары өзін-өзі реттеу құралдарын пайдалана отырып жұмыс сапасын қамтамасыз етуге ұмытылуы және субъектілер қызығушылығын арттыру мақсатында, өзін-өзі реттеу институтының перспективалары туралы ақпарат құрылыс саласындағы кәсіпкерлер арасында кең таралуының жеткіліксіздігі.

Дегенімен Қазақстанда «Қазақстан құрылыс саласы қауымдастығы» өзін-өзі реттеу мекемесі құрылған. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган - сарапшылардың аттестаты, сараптама ұйымдарын аккредиттеу, аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізілімін жүргізу, олардың қызметін бақылау, құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді

сараптамасын жүргізу тәртібін бекіту сияқты мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беруді жоспарлауда.

Бүгінгі таңда «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңы қолданыста, онда келесі ұғымдар көрсетілген:

- өзін-өзі реттейтін ұйым – қызметтің, саланың, экономикалық қызмет түрлерінің, өндірілген тауарлар нарығының ортақтығы қағидаты бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің немесе кәсіптік қызмет субъектілерінің ерікті немесе міндетті мүшелігіне негізделген қауымдастық, қоғамдық бірлестік нысанындағы немесе Қазақстан Республикасының заңында белгіленген өзге де ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйым [2];
- өтемақы қоры – өзін-өзі реттейтін ұйым, оның мүшелерінің тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайларда кепілдік төлемдерді жүзеге асыру үшін өзін-өзі реттейтін ұйымның мүлкін қалыптастыру көздерінен жинақталған ақша[2];
- өзін-өзі қаржыландыру - мүшелік жарналар және Қазақстан Республикасы заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер негізінде өзін-өзі реттейтін ұйым қызметін қаржыландыру [2].

Сонымен қатар осы заңның 28-бабына сәйкес мүліктік жауапкершіліктің мынадай түрлері көзделген:

- өтемақы қорынан төлеу;
- азаматтық – құқықтық жауаптылықты сақтандыру;
- өзін-өзі реттейтін ұйымдардың мүшелерін мүліктік жауаптылыққа тарту [2].

Осылайша, өзін-өзі реттейтін ұйымдар *сапа* деңгейінің жоғарлауына ықпал етуі керек.

Зерттеу барысында бұл құралдың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мақсатында, Қазақстанда құрылыс саласына өзін-өзі реттеу институтын енгізуге 4-ші кестеге сәйкес SWOT-талдау жасалынды.

Кесте 4 – **SWOT - талдау**

| **Күшті жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| • өзін-өзі реттеу ұйымдары, ұйым мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады;<br>• сақтандыру ұйымдары тарапынан қосымша бақылау;<br>• рұқсат құжаттарын қайта сатуға жол бермеу;<br>• жосықсыз компаниялардың нарықтан кетуі;<br>• мемлекеттік бақылау органдарын жүйелі түрде ақпаратпен қамтамасыз ету;<br>• нарықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. | • Өзін-өзі реттеу ұйымдары мүшелеріне қаржылық жүктеме;<br>• Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың көптігі. |
| **Мүмкіндіктері** | **Қауіптер** |
| • мүлікті залалды сақтандыру;<br>• жаңа жұмыс орындары және ИТЖ біліктілігін арттыру;<br>• үлескерлердің ақшасын заңсыз тарту фактісін тоқтату;<br>• нарыққа қатысушылардың тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту;<br>• мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау. | • ұйым мен құрылысшылар арасындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері;<br>• өзін-өзі реттеу ұйымдары талабына байланысты құрылыс құнының ұлғаюы;<br>• ұйым қызметінің адалдығы;<br>• ұйымның өзінің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану: өзін-өзі реттеу ұйымына мүше емес компанияларды нарықтан шығару. |
| Ескертпе – [9], [10],[13],[14] дереккөз негізінде автормен құралған. | |

Сонымен қатар жасалынған SWOT – талдау сапасын және толықтығын қамтамасыз ету мақсатында, зерттеу жұмыстары барысында «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Заңнама және өзін-өзі реттеуді дамыту департаменті» *(шығыс нөмері 2023ж. 16 қаңтардағы №03-13/21)*, «Қазақстан құрылыс саласы қауымдастығы» өзін-өзі реттеу мекемесі *(шығыс нөмері 2023ж. 16 қаңтардағы №03-13/22)* және ғылыми тұрғыда пікір алу мақсатында Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясына *(шығыс нөмері 2023ж. 16 қаңтардағы №03-13/23)* сауал жіберілді, қосымшаға сәйкес.

2023 жылдың 22 ақпандағы шығыс нөмері 05-01/218 «Халықаралық білім беру» ЖШС-і *(Қазақ бас сәулет академиясына қарасты)* ақпаратына сәйкес Ғылыми-техникалық кеңесі «Қазақстан Республикасындағы құрылыс сапасын қамтамасыз етудегі өзін-өзі реттеу институтының перспективалары» тақырыбында жүргізілген зерттеулер бойынша жасалған SWOT-талдауға сараптама жасап, магистрлік диссертация шеңберінде пайдалануға болатынын хабарлады *(ақпарат қосымшаға сәйкес)*.

Сонымен қатар 2023 жылдың 10 ақпанындағы №02020/11 «Атамекен» ҰКП-сы ақпаратына сәйкес, бүгінгі таңда құрылыс саласындағы салалық қауымдастықтары және бірлестіктерімен құрылыс саласының өзін-өзі реттеуге көшуі үшін жағдай жасау бойынша жұмыс жүргізілуде. 2016 жылдан бастап сараптамалық қызметті өзін-өзі реттеуге көшіру бойынша іс-шаралар жасалуда. Бұл іс-шара бірыңғай коммерциялық емес ұйым болып табылатын «сараптамалық ұйымдар палатасы» (бұдан әрі-Палата) аккредиттелген сараптамалық ұйымдардың кәсіби бірлестігіне жүктелген.

Бүгінгі таңда Палата дербес коммерциялық емес ұйым ретінде жұмыс істейді, барлық жұмыс органдары бар, Палата стандарттары мен әдістемелік құралдары әзірленген, сарапшылар үшін үнемі семинарлар мен тренингтер өткізіліп тұрады, жобаларға кешенді сараптама жүргізу үшін өзінің ақпараттық жүйесі пайдалануға берілген.

Сараптамалық қоғамдастық өзін-өзі реттеуді енгізу кезінде сарапшылардың жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға және нарықты жосықсыз сараптамалық ұйымдардан «тазартуға» дайын.

Дегенімен Қазақстанда құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекеттік реттеуге жатады, сараптамалық қызметтің өзін-өзі реттеуге толық ауысуы үшін сәулет, қала құрылыс және құрылыс қызметі туралы қолданыстағы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаттары бастамашылық жасаған тиісті түзетулер қатысушы мемлекеттік органдармен келісілген және Президент әкімшілігінің қарауында.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта осы саладағы кәсіпкерлік субъектілерінің ерікті мүшелігіне негізделген «Қазақстан жобалаушыларының Республикалық одағы» өзін-өзі реттеу ұйымы және «Құрылысшылар альянсының қауымдастығы» өзін-өзі реттеу ұйымы құрылған. Олар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау жөніндегі мемлекеттік функцияларды өзін-өзі реттеуге көшіруді жобалау және беру мәселелерін белсенді пысықтауда. Магистрлік жоба аясында қарастырылып отырған баламаны қолданыстағы реттеумен салыстыру және балама әсерін анықтау бойынша ақпарат 5-ші кестеде ұсынылады.

Кесте 5 – Ұсынылып отырған баламаны қолданыстағы реттеумен салыстыру және балама әсерін анықтау

| I балама | Артықшылықтары | Кемшіліктері |
|---|---|---|
| **қолданыстағы ережені сақтау, яғни құрылыс саласындағы мемлекеттік лицензиялау** | - нарыққа кірудің түсінікті шарттары. | - рұқсат құжаттарын беру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізумен байланысты жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сақтау;<br>- рұқсат құжаттарын алу үшін мемлекеттік алымдар түріндегі қаржылық шығындар;<br>- құрылыс саласының ағымдағы проблемаларын сақтау:<br>- төмен сапалы құрылыс проблемалары;<br>- ұзақ салынатын құрылыс;<br>- үлескерлердің ақшасын заңсыз тарту;<br>- материалдық жауапкершіліктің пәрменді тетіктерінің болмауы;<br>- рұқсат құжаттарын қайта сату;<br>- құрылыс саласындағы мамандардың біліктілік деңгейінің төмендігі;<br>- үлескерлердің ақшасын тарту бойынша құрылыс компаниялары үшін ауыр шарттар;<br>- дауларды сотқа дейін шешу бойынша пәрменді тетіктердің болмауы;<br>- халықтың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп-қатер тәуекелі. |
| **балама Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ұйымдардың міндетті мүшелігіне негізделген өзін-өзі реттеу** | - өзін-өзі реттеу ұйымы (бұдан әрі-ӨРҰ) мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады;<br>- мүліктік жауапкершілік шарттары бойынша сақтандыру компаниялары тарапынан қосымша бақылау;<br>- тұтынушыларға келтірілген мүліктік залалды өтеу мүмкіндігі; | - ӨРҰ уәкілеттіктерін теріс пайдалану салдарынан ұйымдардың бәсекеге қабілеттігінің нашарлауы немесе ұйым және бизнес арасындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері;<br>- мүліктік жауапкершілік шығындары құрылыс сметасынан тыс шығын, яғни реттеу субъектілеріне қосымша қаржылық ауыртпалықтар жүктеледі; |

5 – кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| | - мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жойылады;<br>- шын мәнінде құрылыс саласында қызметті жүзеге асырмайтын компаниялардың нарықтан кетуі;<br>- нормативті құрылыс мерзімі бақылауға алынады;<br>- үлескерлер ақшасын заңсыз тарту тәуекелдері жойылады;<br>- ӨРҰ мүшелері қызметкерлерінің біліктігін арттыруға жағдай жасайды;<br>- ӨРҰ ұйым мүшелерін ақпараттық қолдауды жүзеге асырады;<br>- ӨРҰ ережелері ме стандарттарын қабылда арқылы нарықты сапал өніммен қамтамасыз етеді; | - ӨРҰ-ға жарналар бойынша қаржылы шығындар болжанады. |
| Ескертпе – [2],[12],[13] дереккөз негізінде автормен құрастырылған. | | |

Ұсынылып отырған баламаны қолданыстағы реттеумен салыстыру нәтижесінде, өзін-өзі реттеу институтының ең басты артықшылығы – тұтынушыларға келтірілген мүліктік залалды өтеу мүмкіндігі және мүліктік жауапкершілік шарттары бойынша сақтандыру компаниялары тарапынан қосымша бақылау екенін байқауға болады.

## Құрылыс-монтаждау тәуекелдерін сақтандыру

Қазақстанда сақтандыру қызметі Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18-желтоқсанындағы №126 «Сақтандыру қызметі туралы» заңымен (бұдан әрі-Заң) реттеледі. Заңның 4-бабы 1-тармағына сәйкес, сақтандыру – сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын, сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиға басталған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғау.

Осы заңның 2-тарауы 6-бабына сәйкес сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметі «өмірді сақтандыру» саласы және «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жүзеге асырылады [6].

Жалпы мүлікті сақтандыру дегеніміз – заңды және жеке тұлғалардың жылжымайтын мүліктерін, көліктерін, малын, үй мүліктерін, ауылшаруашылық

өнімдерін, қондырғыларын және т.с.с мүлік көзін сақтандыруда туындайтын қатынас. Ал жауапкершілікті сақтандыру бұл - көлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, жұмыс берушінің жұмысшылар алдындағы жауапкершіліктерін сақтандыру, кәсіпорындардың 3-ші тұлға алдындағы тәуекелдерден сақтандыру және т.б заңды және жеке тұлғалардың заң жүзінде туындайтын азаматтық құқықтық жауапкершіліктерін сақтандыруға байланысты қатынас.

Міндетті сақтандыру – заңмен бекітілген және оның талабын орындауға барлық азамат міндетті, яғни адамдардың белгілі әрекетпен айналыспауға қойылатын заң жүзіндегі талап [6].

Ерікті сақтандыру – адамдардың жеке өмірі мен шаруашылық жағдайындағы мүліктік мүдделерін әр түрлі жағдайлардан қорғауға деген қажеттіліктеп пайда болады [6].

Қоғамдық өндіріс және халықты сақтандыру тарапынан міндетті және ерікті сақтандыруды үйлестіру қорғанысты қамтамасыз ететін жүйе болып табылады. Өйткені кез-келген жағдайда сақтандыру процедурасында жандардың мүдделерін қорғайтын көп нәрсе бар.

Кесте 6 – Қазақстанда жалпы сақтандыру саласы ерікті сақтандыру және міндетті сақтандыру нысанында келесі сыныптарды қамтиды:

| Міндетті сақтандыру | Ерікті сақтандыру |
|---|---|
| - өмірді сақтандыру;<br>- аннуитеттік сақтандыру;<br>- мемлекеттік білім беру жинақта жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру;<br>- зейнетақы аннуитетін сақтандыру. | - жазатайым жағдайлардан сақтандыру;<br>- ауырған жағдайдан сақтандыру;<br>- автомобиль, темір жол, әуе және с көлігін сақтандыру;<br>- ғарыш объектілерін сақтандыру;<br>- жүктерді сақтандыру;<br>- мүлікті залалдан сақтандыру;<br>- автомобиль, темір жол, әуе және с көлігі иелерінің азаматтық-құқықть жауапкершілігін сақтандыру;<br>- азаматтық-құқықтық жауапкершілік сақтандыру;<br>- кәсіби жауапкершілікті сақтандыру;<br>- заңды тұлғалардың қарыздарь сақтандыру;<br>- ипотеканы сақтандыру;<br>- кепілдіктер мен кепілгерліктер сақтандыру;<br>- қаржы ұйымдарының шығындарь сақтандыру;<br>- басқа да қаржы шығындарына сақтандыру;<br>- сот шығыстарынан сақтандыру;<br>- титулдық сақтандыру. |
| Ескертпе – [6] дереккөз негізінде автормен құрастылған. | |

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ресми ақпаратына сәйкес казіргі таңда Қазақстанда 27 сақтандыру мекемесі сақтандыру қызметін жүзеге асырады.

Осы сақтандыру мекемелерінің бірі «Halyk» сақтандыру компаниясы ерікті сақтандыру қызметі аясында құрылыс және монтаж тәуекелдерін сақтандыру қызметін жүзеге асырады. «Halyk» сақтандыру компаниясы ресми ақпаратына сәйкес, сақтандырудың бұл түрі - кәсіпорынды құрылыс объектілерінің, *құрылыс-монтаж жабдығының және құрылыс алаңдарында пайдаланылатын басқа да мүліктің зақымдануы немесе жойылуы нәтижесінде туындайтын шығындардан* қорғауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар егер құрылыс монтаждау жұмыстарын орындау кезінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлікіне зиян келтірілген жағдайда қаржылық қолдауға кепілдік береді.

Сонымен қатар сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін құрылыс объектісіне, құрылыс-монтаж жабдығына, техникаға, материалдарға және құрылыс алаңында пайдаланылатын басқа да мүлікке иелік етуге, пайдалануға және оған билік етуге байланысты мүліктік мүдделері, сандай-ақ сақтанушының міндетіне Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген залалды өтеуге міндетті. Сақтанушының құрылыс-монтаждау және іске қосу жұмыстарын жүзеге асыруы кезінде, сондай-ақ кепілдік кезеңі ішінде кез-келген кенеттен немесе күтпеген оқиғалардың туындауына байланысты. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленеді.

Алайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылыс-монтаждау тәуекелдерін сақтандыру, сақтандыру қызметінің ерікті сақтандыру түріне жатады.

Бүкіл әлемде тәуекелдерді басқарумен айналысатын нақты жалғыз жүйелік институт – сақтандыру институты. Сақтандыру қарым-катынастары қатысушыларының деңгейінде, сол сияқты мемлекет деңгейінде ерекше тәсілді қажет етеді. Өз кезегінде сақтандыру кәсіпорындарды дамыту үшін тиімді жағдайлар жасап қана коймай, санымен қатар олардың тұрақтылығын және ықтимал қолайсыз зардаптардан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Сақтандыру нарығында жұмыс істейтін компаниялардың мәліметтері бойынша, елде сақтандыру өнімдеріне сұраныс артып келеді. Бүгін азаматтар сақтандыру мәдениетін түсіне бастады. 2022 жылы орын алған қаңтар оқиғасы нарыққа қатты әсер етті. Қазір көптеген тәуекелдерді жабуға және сақтандыру өнімдерін сатып алуға қызығушылық танытуда. Егер сақтандыру компаниялары көрсеткішінің жыл басындағы және қазіргісін талдайтын болсақ, онда сақтандыру секторы барлық көрсеткіштері бойынша дамып келе жатқанын бақылауға болады.

Елде сақтандыру қаражатының негізгі үлесі мүлікті сақтандыру, оның көлемі 60 пайыздан асады. Қазіргі уақытта азаматтар мен кәсіпкерлер өз үй-жайларын, әртүрлә ғимараттарды, техникалық жабдықтарды өз еркімен

сақтандырады. Сақтандырудың болуы толық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Бірақ бұл шығындарды жабуға көмектеседі.

Сақтандыру төлемі – егер сақтандыру төлемі қажет болса немесе жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім келсе, сақтанушыға сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақша қаражаты. Қарастырылған материалдар негізінде, сонымен қатар дамыған мемлекеттер тәжірибелерін зерделей отырып, құрылыс барысындағы құрылыс-монтаждау тәуекелдерін сақтандырудың ерікті түрін, міндетті жүйеге көшіру, құрылыс секторының біршама тәуекелдерінен азаматтарды қорғайды деп санаймыз.

**Мемлекеттік реттеуші органмен жүргізілген жұмыс**

Ұлт жоспарының 97-қадамы – 100 нақты қадамға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық министрлігі және «Атамекен» ҰКП бірлесіп жыл сайынғы кезеңдік жұмысын көздейтін мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелестік ортаға, яғни өзін-өзі реттеу ұйымына беру жөніндегі базалық тәсілдерді әзірледі, ол келесі кестеде келтіріледі.

Кесте 7 – Мемлекеттік органдардың белгілі бір функцияларын өзін-өзі реттеу ұйымына беру бойынша базалық тәсілдер

| |
|---|
| **I кезең**<br>Бәсекелестік ортаға беру үшін мемлекеттік органдардың фунциялын жыл сайын іріктеу; |
| **II кезең**<br>Ресми сайттарда тұтынушылар мен бизнес субъектілерін ақпаратттандыру (Ұлттық экономика минитрлігі және Ұлттық палата ресми сайттарында жүргізілген); |
| **III кезең**<br>Реттеушілік әсеріне талдау жасау; |
| **IV кезең**<br>Мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беруді заңнамалық бекіту. |
| Ескертпе – [37] дереккөз негізінде автормен құрастырылған. |

Өзін-өзі реттеу ерікті немесе міндетті мүшелікке негізделген.

Ерікті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеу, кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет салаларында мемлекеттік реттеумен қатар әрекет етеді және реттеу субъектілеріне қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгілеген.

Міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеу, кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласында мемлекеттік органдар орындайтын функциялардың белгілі бір түрін бөліп беру (делегирования) қажеттілігіне негізделеді.

Міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу үшін, Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік кодексімен сәйкес мемлекеттік орган мен мүдделі тұлғалар өздері әзірлейтін құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын-ала жүргізуге тиіс. Реттеушілік әсерді талдаудың

мақсаты – міндетті негізде өзін-өзі реттеуді пайдалану бөлігінде мемлекеттік саясаттың пәрменділігі мен тиімділігін арттыру және белгілі бір мақсаттарға жету немесе нақты анықталған мәселелерді шешу үшін реттеудің балама тәсілдерін бағалау арқылы болып табылады.

Жоғарыда аталып кеткендей құрылыс саласында өзін-өзі реттеу институтын енгізу бойынша құрылыс комитетімен 2019 жылдан бастап бірталай іс-шаралар жүргізілді, комитет бастамасы бойынша бұл құрал құрылыс салысының бағыттары бойынша кезең-кезеңімен іске асырылу керек болатын.

Дәлірек айтар болсақ, жобалау бағыты, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу бағыты, құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобаларды сараптау бағыттары болып бөлініп, әр бағыт бойынша аталған салалар мамандарымен жұмыс алгоритмі жасалып, бірталай іс-шаралар жүргізілді.

Жобалау қызметі бойынша, құжат жобасының әзірлеушісі: Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі болып табылатын, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша» Қазақстан Республикасының жобасы аясында – жаңа реттегіш құралдарды енгізу және реттеуді қатаңдату кезеңдегі реттеушілік әсерді талдаудың талдамалық нысаны 2022 жылдың 4-ші мамырында қоғамдық талдауға жіберілген.

Жобалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың міндетті мүшелігіне негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу кезінде реттеушілік әсерді талдау рәсімдерінің сақталуы туралы қортынды, келесі ескертулермен қайтарылған:

Қолданыстағы реттеу проблемасы ретінде, белгілі бір ғимараттар мен құрылыстарды жобалаудың сапасыздығы туралы реттеушінің мәліметтері көрсетілген, алайда осы сапасыз жобаны дәлелдейтін ақпарат қоса берілмеген.

Бұдан басқа, «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жобалау лицензияланатын қызмет болып табылады. «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігі міндеттелген. Сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес лицензиар тарапынан рұқсаттан кейінгі бақылау көзделген, өзін-өзі реттейтін ұйым тарапынан бақылау арқылы жобалау қызметінде орын алып отырған проблемаларды шешу дәлелдермен айқындалмаған. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамада жобалау-сметалық құжаттаманы тексеру тетіктері де қарастырылған.

Бұдан басқа, аналитикалық нысанда жобалау объектілеріне мемлекеттік бақылау мен мониторингтің болмауы түріндегі проблема көрсетілген. Алайда, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 31-1 бабының 7-тармағына сәйкес сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауы тексеру және профилактикалық бақылау және қадағалау арқылы жүзеге асырылады [1]. Осылайша, жобалау объектілеріне мемлекеттік бақылау мен мониторингтің жоқтығы туралы мәлімет дәлелденбеген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлік палатасынан нарықтың міндетті өзін-өзі реттеуді енгізуге дайындығы туралы қортынды жоқ.

Бір орташа кәсіпорынға шығындарды еспетеу дұрыс жасалмаған.

Бұдан басқа, реттеуші ұсынған өзін-өзі реттеу ережесінде монополиялық ұйымның белгілері бар, бұл өз кезегінде нарықтың келесі көрсеткіштері бойынша теріс әсірін тигізуі мүмкін:

- өзін-өзі реттеу ұйымы мүшелері болып табылмайтын компанияларды нарықтан шығару;
- ұсынылатын тауарлар мен қызметтерге бағаны көтеру;
- ұсыныс көлемінің төмендеуі.

Жалпы реттеуші мемлекеттік орган ұсынған өзін-өзі реттеуді енгізу тетігі кәсіпкерлік субъектілеріне тең емес жағдайлар туғызатын ережелерді көздейді, мысалы: өзін-өзі реттеу ұйымына мүшелік тек заңды тұлғаларға негізделген. Ал қолданыстағы заңнамаға сәйкес аталған қызмет түрін жеке кәсіпкерлер де жүргізе алады.

Бұдан басқа, 2022 жылдың 23 тамызында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі А.А. Смайловтың өкілдігімен кеңес өткізілгенін, онда құрылыс және жобалау қызметіне өзін-өзі реттеу институтын енгізу туралы ұсыныс мақұлданбаған.

Осыған байланысты жобалау қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың міндетті мүшелігіне негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу үкімет тарапынан қолдау таппады.

Дегенімен бүгінгі күнде жобаларды сараптау бағыты бойынша заңнама жобасына мақұлдау алу бойынша іс-шаралар әлі де жүргізілуде.

## Сарапшымен терең сұхбат

Келесі зерттеу әдісі тиісті сала мамандарымен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеуді өзін-өзі реттеуге беруге байланысты сұрақтар тізбесімен қамтылды. Сарапшыға Басқару институтымен 2022 жылдың 10-маусымындағы №29 және 2023 жылдың 24-қаңтарындағы №13 хаттамаларымен мақұлданған негізгі 4 сұрақ берілді, қажеттілігіне қарай қосымша сұрақтар қойылды.

2022 жылы жүргізілген сұхбатқа Астана және Қызылорда қалалары мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармаларының орынбасарлары Е. Канафин, М. Мырзабеков, құрылыс комитеті эксперті Н. Нудин, құрлысшылар қауымдастығы төрағасы В. Микрюков, Қазақстан құрылыс саласы қауымдастығы өзін-өзі реттеу мекемесінің төрағасы С. Фомичев және техникалық қадағалау эксперті Е.Қами, сонымен қатар 2023 жылы жүргізілген қосымша терең сұхбатқа, құрылыс комитеті лицензиялау және аттестаттау басқармасының басшысы А. Макатаев, «Атамекен» Заңнама және өзін-өзі реттеуді дамыту департаменті маманы Д. Бекбосынова, сараптамалық ұйымдар палатасы төрағасы Б. Ережепов, Республикалық жобалаушылар одағы

орынбасары М. Бисарова және құрылыс альянсы қаудастығы төрағасының орынбасары Г. Маркштедер қатысты, барлығы 11 сұхбаткер.

Сұхбат уатсап желісі арқылы және бетпе - бет кездесу арқылы жүргізілді.

Сұхбаткерлердің жауаптары жүйелендіріліп, жауаптар төменде келтірілді.

2022 жылы жүргізілген сұхбаттың мақсаты құрылыс саласындағы қолданыстағы реттеу құралының кемшіліктерін немесе артықшылықтарын анықтау.

Бірінші сұрақ: *Құрылыс саласындағы сапа туралы айтып өтсеңіз?*

Сұхбаткерлердің басым көпшілігі құрылыс өнімдерінің сапасы – құрылыспен аяқталған объектінің сенімділігі мен беріктілігін қамтамасыз ететін негізгі фактор екенін атап өтті. Сарапшылардың пікірлері бойынша құрылыс сапасына бірнеше факторлар әсерін тигізеді, олар: жоба қортындысының сапасы, құрылыс конструкциялары мен материалдарының сапасы, құрылыс процесі технологиясының сақталуы, мамандардың біліктілігі және процес барысын бақылау мен қадағалау. Яғни сапалы өнім кепілі – біліктілік, жауапкершілік және бақылау мен қадағалау процестерінің жемісі болып табылады. Қазақстанда құрылыс сапасы мәселесі өзекті мәселердің бірі болып табылады, өйткені жоғарыда атап өткендей бұл ғимараттың қаншалықты кауіпсіз және сенімді болатынын және олардың адамдар үшін бейімделуін анықтайтын жұмыс сапасы.

*Сапаны қамтамасыз етудегі бақылаудың маңыздылығы қаншалықты?*

Құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау арқылы субъект құрылыс өнімінің қажетті нормалар мен стандартқа сәйкестігін анықтайды. Осыдан бақылаудың негізгі мақсаты туындайды жобалаудан бастап объектіні пайдалануға беруге дейінгі өндірістің барлық кезеңдерінде бақылау іс-шараларын жейесін енгізу.

Дегенімен, қолданыстағы мемлекеттік бақылау жүйесі салынып жатқан объектілерді толық қамтуға мүмкіндік бермейді, себебі, құрылыс процесінің әрбір кезеңі тікелей бақылау мен қадағалауды талап етеді.

*Өзін-өзі реттеу институттары туралы білесіз бе және ойыңыз қандай?*

Өзін-өзі реттеу институты бизнес қоғамдастықтың мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылы үшін құрылған. Өзін-өзі реттеу институты мемлекеттік реттеуге балама болып табылады, оның негізгі мақсаты кәсіпкерлік және кәсіби қызметті дамытуды ынталандыру. Бұл мақсатты іске асыру кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіби қоғамдастықтарға өз қызметін дербес реттеу және дербес ішкі бақылауды жүзеге асыру құқығын беру жолымен жүзеге асырылады. Алайда қазіргі таңдағы салалар бойынша өзін-өзі реттеу ұйымдарының әлсіз динамикасы, Қазақстанда бұл құралдың пайдалану тиімділігін толық дәлелдемеген секілді.

*Қазақстан Республикасындағы құрылыс сапасын қамтамасыз етудегі өзін-өзі реттеуді қолдану туралы не ойлайсыз?*

Өзін-өзі реттейтін ұйымның бірегейлігі, оның мемлекеттік функцияларды қабылдауында, өйткені мемлекет құрылыс субъектілеріне рұқсат бере отырып, олардың кейінгі қызметіне үнемі бақылауды жүзеге асыра алмайды.

Құрылыс саласында мемелекеттік реттеу мен қатар өзін-өзі реттеуді қолдану үшін, өзін-өзі реттеу ұйымдардың кәсіби бірлестіктерін құру маңызды. Олардың негізгі мақсаттары құрылыс қызметінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ нарық қатысушыларының тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту. Бірлестіктер құру бизнестің жаңа ойын ережелеріне көшуін жеделдетеді.

2023 жылы наурыз айында жүргізілген сарапшымен терең сұхбаттың мақсаты: Қазақстан Республикасында құрылыс саласындағы өзін-өзі реттеу институтының перспективасы қандай?

Бірінші сұрақ: *Қазақстан Республикасында өзін-өзі реттеу иститутының перспективасы қандай?*

Сарапшылардың басым бөлігінің пікірлері бойынша кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің ерікті мүшелігі негізінде өзін-өзі реттеуді қолдану перспективасы жоғары, ал міндетті мүшелік уақытпен сараланып өз тиімділігін дәлелдегеннен кейін жүзеге асырылуы қажет.

Құрылыс саласында өзін-өзі реттеуді енгізу құрылыс процесінің басында елеулі кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде құрылыс тапсырыс берушісі өнімнің сапасына әсерін тигізетін кемшіліктердің салдарымен ерте кезеңдерде күресуге мүмкіндік алады.

Құрылыс секторында бақылауды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар бұл функцияны тиімді жүргізе алмайды. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексіне сәйкес сәулет және құрылысты қадағалау жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жалпы бақылауды жүзеге асырады, алайда оның құрылыс алаңдарына негізсіз кіруге уәкілеттігі жоқ, ал құрылыс-монтаждау жұмыстары жеке бақылауды талап етеді. Бұл мәдігерге нормативтік құжаттарды ұсынудан және бекітілген жобаны дәл орындаудан тұрады.

*Өзін-өзі реттеу институты бізге не береді және қандай тәжірибе негізінде?*

Қазіргі уақытта өзін-өзі реттеу институты Қазақстанда өнеркәсіптің түрлі салаларында сапаны қамтамасыз етудің тиімді механизмі болып табылады. Нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ шет елдердің өзін-өзі реттеу институтының қолданыстағы тетіктерін зерделеу бұл механизмнің біздің елде қалай жұмыс істейтінін түсінудің маңызды кезеңін айқындайды. Зерттеудің мақсаттарының бірі – ұзақ мерзімді оң тәжірибесі бар және құрылыс секторында өзін-өзі реттеуді енгізудің тиімді тетіктерін құрған басқа елдердің жетістіктерін бейімдеу. Шет елдердің тәжірибесінде құрылыс қызметін бақылау үшін әртүрлі жүйелер қолданады, алайда, көптеген дамыған мемлекеттерде құрылыс жұмыстарының сапасы мен процесін бақылау өзін-өзі реттеу институтына жүктелген.

*Құрылыс саласында өзін-өзі реттеу институтын енгізуден бас тартуға не себеп болды?*

Өзін-өзі реттеуді құрылыс индустриясына енгізу мәселесі бірнеше рет көтерілді, бірақ бұл процесті бәсеңдететін көптеген себептер бар, өйткені сәулет-құрылыс қызметі азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігімен байланысты.

Өзін-өзі реттеуге көшу кезең-кезеңімен жүргізілуі керек. Біріншіден, нарық субъектілерін біріктіру, неғұрлым жауапты кезеңге – міндетті өзін-өзі реттеуге көп қырлы дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл жүйені Қазақстанның құрылыс саласында кәсіби қоғамдастықпен мемлекет арасындағы тығыз ынтымақтастықта енгізудің нақты механизмін әзірлеу қажет.

Терең сұхбат бойынша барлық растайтын құжаттар қосымшаға сәйкес ұсынылады.

## Талдау және зерттеу нәтижелері

Магистрлік жобаны зерттеу жұмыстары барысында теориялық бөлімге талдау жүргізілді, құрылыс сапасын қамтамасыз ету үшін реттеуші механизнің қолданыстағы құралы мен халықаралық тәжірибе зерттелді. Сондай-ақ 2021-2022 жылдарғы Астана үлгісіндегі құрылыс сапасына шағымдар, статистикалық деректер, Республика бойынша құрылыс саласындағы мемлекеттік бақылаудың үш жылдық көрсеткіштері қарастырылды. Ұсынылған баламаның күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері талданып, қолданыстағы реттеу құралымен салыстырылды. Сонымен қатар Қазақстандағы өзін-өзі реттеу институтына қатысты мекемелерден сауал арқылы арнайы ақпараттар алынып, сарапшылармен терең сұхбат жүргізілді.

Талдау және зерттеу нәтижелері бойынша мыналар анықталды:

- «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 31-1 бабының 7-тармағына сәйкес сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауы жергілікті мемлекеттік орган құзіретіне жүктелген [1]. Алайда тәжірибе көрсеткендей құрылыс саласында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, құрылыс сапасын қамтамасыз етуді тиімді жүзеге асыра алмайды, себебі:

Астана қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы ресми деректеріне сәйкес, бүгінгі таңда басқарма ақпараттық базасында Астана қаласы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы – 1647 хабарлама тіркелген, оның ішінде:

- көп қабатты тұрғын үй 285 объекті;
- әкімшілік, коммерциялық ғимарттар, бизнес орталықтары мен ойын-сауық орындары 521 объекті;
- инженерлік желілер құрылысы 189 объекті;
- автокөлік жолдары және теміржол объектілері – 58;
- ғимараттарды қайта құру және күрделі жөндеу 137;
- абаттандыру объектілері (саябақтар мен скверлер) – 47 сонымен қатар тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды қайта жоспарлау мен қайта жабдықтау бар.

Ал басқарма штаттық кестесіне сәйкес Астана қаласы бойынша құрылыс инспекторының саны – **18.** Мемлекет тарапынан жоғарыда келтірілген көлемдегі жұмыс ауқымын тиісті мемлекеттік органмен сапалы атқару үшін қаржылық және адами ресурстар объективті қарастырылмаған. Бұл фактор мемлекеттік бақылау органдары мен құрылыс объектілері арасында тиімді өзара іс-қимылдың болмау себебіне бірде бір дәлел.

Яғни, құрылыс саласында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның бақылау функциясын тиімді жүзеге асыра алмайтынын мемлекет мойындау қажет. **Мемлекеттік орган атқаратын фунциялардың белгігі бір түрін бәсекелестік ортаға беру арқылы**, мемлекет осы саланың жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік алады.

- Зерттеу жұмыстары шеңберінде анықталған тағы бір мәселе, бүгінгі таңда құрылыс саласына өзін-өзі реттеуді енгізу бойынша – бір саланы 4 бағытқа бөлу арқылы 4 бөлек (жобалық қызметті өзін-өзі реттеу ұйымы, жобаларды сараптау өзін-өзі реттеу ұйымы, құрылыс-монтаждау жұмыстарын өзін-өзі реттеу ұйымы және үлестік құрылыстың өзін-өзі реттеу ұйымы) өзін-өзі реттеу ұйымдарын құру мақсаты аясында біршама іс-шаралар жүргізілген және әлі де жүргізілуде.

